


ValVue™ бағдарламалық жасақтамасы

Пайдалану нұсқаулығы (К нұс.)



Осы нұсқаулықта қамтылған ақпарат Baker Hughes компаниясының жазбаша рұқсатынсыз толығымен немесе ішінара аударылмауы немесе көшірілмеуі тиіс.

Осы нұсқаулық ешбір жағдайда позиционердің немесе бағдарламалық құралдың сатуға жарамдылығына не олардың клиенттің нақты қажеттілігіне сәйкес екеніне кепілдік бермейді. Осы нұсқаулықтағы ақпаратқа қатысты кез келген қатені немесе сұрақты жергілікті жеткізушіге хабарлаңыз немесе valves.bakerhughes.com сайтына кіріңіз.

ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ШЕКТЕУ

ОСЫ НҰСҚАУЛАРДА ТҰТЫНУШЫҒА/ОПЕРАТОРҒА ҚАЛЫПТЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ПРОЦЕДУРАЛАРЫНА ҚОСЫМША МАҢЫЗДЫ ЖОБАҒА ҚАТЫСТЫ АНЫҚТАМАЛЫҚ АҚПАРАТ БЕРІЛЕДІ. ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ҰҒЫМДАРЫ ӨРТҮРЛІ БОЛАТЫНДЫҚТАН, ВАКЕР HUGHES КОМПАНИЯСЫ (ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕСТЕРІ МЕН ФИЛИАЛДАРЫ) НАҚТЫ БІР ПРОЦЕДУРАЛАРДЫ ОРЫНДАУҒА МӘЖБҮРЛЕУГЕ ТЫРЫСПАЙДЫ, БІРАҚ БЕРІЛГЕН ҚҰРЫЛҒЫ ТҮРІНЕ ҚАТЫСТЫ НЕГІЗГІ ШЕКТЕУЛЕР МЕН ТАЛАПТАРДЫ БЕРЕДІ.

ОСЫ НҰСҚАУЛАР ОПЕРАТОРЛАРДЫҢ МЕХАНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭЛЕКТР ЖАБДЫҚТЫ ҚАУІПТІ БОЛУЫ МҮМКІН ОРТАДА ҚАУІПСІЗ ПАЙДАЛАНУ ТАЛАПТАРЫ БОЙЫНША ЖАЛПЫ ТҮСІНІГІ БАР ДЕП ҰЙҒАРАДЫ. СОНДЫҚТАН ОСЫ НҰСҚАУЛАР ӨНДІРІС ОРНЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫМЕН ЖӘНЕ ЕРЕЖЕЛЕРІМЕН, СОНДАЙ-АҚ ӨНДІРІС ОРНЫНДА БАСҚА ЖАБДЫҚТЫ ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША АРНАЙЫ ТАЛАПТАРМЕН БІРГЕ ТҮСІНДІРІЛУІ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНЫЛУЫ ТИІС.

ОСЫ НҰСҚАУЛАРДА ЖАБДЫҚТЫҢ БАРЛЫҚ БӨЛШЕГІ НЕМЕСЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ҚАМТЫЛАДЫ НЕ ОРНАТУҒА, ПАЙДАЛАНУҒА НЕ БОЛМАСА ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУГЕ ҚАТЫСТЫ КЕЗДЕСУІ МҮМКІН БАРЛЫҚ ЖАҒДАЙ БЕРІЛЕДІ ДЕУГЕ БОЛМАЙДЫ. ЕГЕР ТОЛЫҒЫРАҚ МӘЛІМЕТ ҚАЖЕТ БОЛСА НЕМЕСЕ ТҰТЫНУШЫНЫҢ/ПАЙДАЛАНУШЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ ҮШІН ЖЕТКІЛІКТІ ҚАМТЫЛМАҒАН БЕЛГІЛІ БІР МӘСЕЛЕЛЕР ТУЫНДАСА, ВАКЕР HUGHES КОМПАНИЯСЫНА ХАБАРЛАСЫҢЫЗ.

ВАКЕР HUGHES КОМПАНИЯСЫ МЕН ТҰТЫНУШЫНЫҢ/ПАЙДАЛАНУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ, МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕРІ ҚҰРЫЛҒЫМЕН ЖАБДЫҚТАУҒА ҚАТЫСТЫ КЕЛІСІМШАРТТА ТІКЕЛЕЙ АТАЛҒАН ШАРТТАРМЕН ҚАТАҢ ТҮРДЕ ШЕКТЕЛЕДІ. ВАКЕР HUGHES КОМПАНИЯСЫ ОСЫ НҰСҚАУЛАРДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕР БОЙЫНША ҚҰРЫЛҒЫҒА НЕМЕСЕ ОНЫ ПАЙДАЛАНУҒА ҚАТЫСТЫ БАСҚА ЕШБІР ҚОСЫМША ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ МОЙНЫНА АЛМАЙДЫ НЕМЕСЕ КЕПІЛДІК БЕРМЕЙДІ.

ОСЫ НҰСҚАУЛАР ТҰТЫНУШЫҒА/ОПЕРАТОРҒА ТЕК СИПАТТАЛҒАН ЖАБДЫҚТЫ ОРНАТУ, СЫНАУ, ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ/НЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БОЙЫНША КӨМЕК КӨРСЕТУ ҮШІН БЕРІЛГЕН. БҰЛ ҚҰЖАТ ВАКЕР HUGHES КОМПАНИЯСЫНЫҢ ЖАЗБАША РҰҚСАТЫНСЫЗ ТОЛЫҒЫМЕН НЕМЕСЕ ІШІНАРА ҚАЙТА ШЫҒАРЫЛМАУЫ ТИІС.

Авторлық құқық

Осындағы барлық ақпарат жарияланған кездегі нақты ақпарат болып есептеледі және алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Авторлық құқық 2024 Baker Hughes компаниясына тиесілі. Барлық құқығы қорғалған.

PN 720035146-779- 0000 К. нұс.

Құжат өзгертулері

Нұсқасы/күні	Өзгерістер
A/10-2014	Түпнұсқа шығарылым
B/11-2014	ValVue 3 үшін SQL Server орнату жөніндегі тарау және ValVue 3 бар AMS жүйесіне SVI™ FF орнату жөніндегі тарау қосылды,
C/11-2015	“Клапан деректерін басқару” және “Қолтаңбаларды басқару” бөлімдері қосылды. Жаңа біріктірілген модульді ескере отырып, лицензияларды тіркеу бөлімі қайта өңделді..
D/03-2016	SVI II AP үшін құрылғы деректерін экспорттау және импорттау функциялары қосылды. Клапандар туралы жаңа толық ақпарат қосылды. AMS Communication DTM бөлімі қосылды. “Бақылау” және “Диагностика” мәзірінің сипаттамалары мен функциялық мүмкіндіктері өңделді.
E/06-2017	Masoneilan өнімдері үшін “GE құжаттамасы ресурстары” бөлімі қосылды. “Байланысу қатесі” бөлімі қосылды. Зауыттық нұсқаның жұмысы және жақсартылған диагностикалық есептеулер бойынша ескертпелер қосылды. Баған параметрлеріне мәтін қосылды. “Жаңа құрылғыларды табу” мәтіні жаңартылды. “Клапан қосу” бөлімі жаңартылды. ValVue 2.8x нұсқасынан ValVue 3.x нұсқасына позиционер және диагностика деректерін тасымалдау туралы талқылау қосылды. “Басып шығару/Басып шығаруды алдын ала қарау” бөлімі жаңартылды.
F/05-2018	Лицензиялау жүйесінен тіркеуден шығару функциясы жойылды. ValVue әкімші тобына Windows логинін қосу үшін басқару панелін пайдалану қосылды. DTM кітапханасын талқылауға қатысты нұсқалар туралы ескертпе қосылды.
G/06-2019	Sequencer құжаттамасының аспектілері өзгертілді. Байланыс ақпараты қосылды. Тіркеу туралы ақпарат жаңартылды. Таспа макеті мен тақырыптың параметрлері жойылды. “Қолданбалар тарихын қарау” тақырып атауы “Диагностика мен есепті қарау” атауына өзгертілді. “Басып шығару” және “Топологияны басып шығаруды алдын ала қарау” мәзір элементтері жойылды. “Нақты құрылғы бойынша есеп” бөлімі жойылды. “Бақылау” бөлімі жойылды.

Келесі редакцияның мәліметтерін келесі беттен қараңыз.

Құжат өзгертулері

Нұсқасы/күні	Өзгерістер
H/01-2021	<p>Field Networks (Далалық желілерге) DCS элементі қосылды</p> <p>Bench жылдам іске қосу жөніндегі нұсқаулыққа сілтеме жойылды және ендігері қолжетімді емес. Жабдықтың және жүйенің жұмысына қойылатын талаптар жаңартылды</p> <p>ValVue 3 жүйесі бұдан былай CodeWright HART CommDTM пайдаланады</p> <p>Кіру құпиясөзі ValVue 3-тен ValVue3-ке өзгертілді</p> <p>Контекстке байланысты интеллектуалдық анықтама бөлімі мен оған қатысты барлық сілтеме жойылды. “SVI3 DTM пайдаланған кезде FF көрсетілмейді” жойылды “...SVI3, https://valves.bakerhughes.com/resource-center” сілтемесі “SVI3, SVI II AP...” деп өзгертілді Ашылмалы тізімге “Басқа коммуникациялар” далалық желісінің параметрі қосылды. “Құрылғы міндеті” бөліміне “Еншілес аймақты қосу” және “Аймақтың атын өзгерту” кіші бөлімдері қосылды. “Далалық желіні өзгерту” кіші бөлімі жойылды</p> <p>“Құрылғының аса маңызды параметрлері” кіші бөлімі жойылды</p> <p>“Қауіпсіздік параметрлері” кіші бөлімінің аты “Пайдаланушыларды басқару” деп өзгертілді</p> <p>Электрондық пошта мекенжайларына сілтемелер ge.com мекенжайынан bakerhughes.com мекенжайына өзгертілді</p> <p>Секвенсорды басқару бойынша ескертпелер жаңартылды</p> <p>“Қолтаңбаны тексеру (тек SVI FF)” “Диагностика” тапсырмасына қосылды</p> <p>0–150 фунт/ш. дюйм ауқымы Автоматты түрде баптау тапсырмасынан жойылды</p> <p>“Қазіргі уақытта реттілікті орындау үшін тек SVI FF құрылғыларын қосуға болады” ескертпесі жойылды</p> <p>Бос пішім қолмен немесе QR кодын сканерлеу арқылы бос пішім деректерімен толтырылады</p> <p>“Қолтаңбалар тарихын экспорттау/импорттау” кіші бөлімі жойылды</p> <p>“Қолтаңбаларды экспорттау” кіші бөлімінің атауы “Қолтаңбалар” атауына өзгертілді</p> <p>“Қолтаңбаларды импорттау” кіші бөлімі жойылды</p> <p>“Стандартты қолтаңба сынағы нәтижелерінің тарихи үрдісі” суреті жаңартылды</p> <p>“Тақырып бойынша іздеу” “Анықтама” мәзірінен жойылды</p> <p>“AMS-DeltaV жүйесіне SVI FF орнату және AMS бар ValVue пайдалануды бастау” бөлімінің атауы “Masoneilan құрылғыларын AMS DeltaV жүйесіне қосу және AMS бар ValVue пайдалануды бастау” деп өзгертілді</p> <p>Пайдаланушы интерфейсінің кескіндері жаңартылды</p> <p>BHGE сілтемелері жойылды</p> <p>SVI3 кестесі үшін аудит журналының оқиғалары жаңартылды</p> <p>“HART” бөлімі жаңартылды</p> <p>“Микробағдарламаның жүктелуі” бөлімінің атауы “Микробағдарламаны жүктеу” деп өзгертілді. Мазмұнды жаңарту “Masoneilan PRM Communication DTM” бөлімі қосылды</p>
J/09-2023	Baker Hughes пішіміне сәйкес жаңартылды.
K/05-2024	15-тарау “Masoneilan HART Communication DTM” және 16-тарау “ValVue 3 қолдану бойынша ескертпелер” қосылды.

Мазмұны

1. Кіріспе	8
ValVue құрылғысына кіріспе	8
Осы нұсқаулық туралы	9
Осы нұсқаулықта пайдаланылатын шартты белгілер	9
Masonellan өнімдеріне арналған Baker Hughes құжаттамасының ресурстары	10
ValVue 3 үшін ілеспе құжаттама	10
Masonellan көмек көрсету қызметінің байланыс деректері	11
2. Орнату және жүйеге кіру	12
Орнату	12
Талаптар	12
HART® байланысты мәселелер	13
HART® сәйкестігі	13
ValVue және DTM бағдарламалық жасақтамасын орнату	14
Жүйеге кіру	18
Байланысу қатесі	21
3. ValVue жұмыс ортасы	22
ValVue жұмыс ортасы	22
Пәрмендер аймағы	23
Леп белгісі мен қарындаш белгішелері	23
Пайдаланушы интерфейсінің панелі	24
Бекітілген панельдер	25
ValVue топология панелі	25
Құрылғылар кітапханасы	27
Қателер журналын қадағалау	28
Күй жолы	28
Құрылғы түрін тағайындау	29
Құрылғы түрін тағайындауды конфигурациялау	30
Контекстік топология мәзірі	31
4. Мұны қалай істей аламын?	32
Жұмысты бастау бойынша тапсырмалар	32
Мұны қалай істей аламын?	32
5. Желі тапсырмалары	34
Желі мәзірі	34


6. Құрылғы тапсырмалары	36
Құрылғы мәзірі	36
Құрылғы монитормы: Көрсетілетін деректер	44
Далалық желіні қосу.....	46
Құрылғы аймақтарымен жұмыс істеу	50
Аймаққа клапанды тағайындау	50
Аймақты қосу және құрылғыны(-ларды) жылжыту	51
Құрылғы аймақтарын жою	52
Топтық құрылғылар	52
Құрылғылар тобын құру	52
Еншілес аймақты қосу	53
Аймақтың атын өзгерту.....	53
Жаңа құрылғыны қосу.....	54
Жаңа құрылғыны импорттау және қосу	56
Құрылғы деректерін экспорттау	57
Құрылғыдан құрылғыға конфигурацияны көшіру.....	58
7. Тапсырмаларды қарау	60
Көрініс мәзірі	60
Оқиға мен аудит журналын қарау құралы.....	62
Оқиғалар мәліметтерін қарау	68
Оқиғалар сүзгісі	69
Оқиғаны растау	70
Оқиға туралы есепті және бақылау журналын құру	70
Оқиға мен аудит журналы туралы есепті экспорттау.....	72
8. Тапсырмалар параметрлері	74
Параметрлермәзірі	74
DTM кітапханасын басқару	75
DTM кітапханасын жаңарту	75
DTM жаңартулары тізіміне DTM қосу/жою	76
Далалық желілер.....	77
Далалық желіні қосу	78
HART®	80
Құрылғы түрін тағайындау	81
Құрылғы түрін тағайындауды құру	81
Құрылғы түрін тағайындауды жою	81
Далалық желі параметрлері.....	81
Желілік байланыстың басымдық параметрлері	82
Маңыздылықты сұрау графигі	83
Пайдаланушыны басқару.....	84
Пайдаланушы менеджері	85
Рөл менеджері.....	90
Топ менеджері	94

9. Тапсырмалар құралдары	100
Құралдар мәзірі	100
Микробағдарламаны жүктеу	101
Микробағдарламаны жүктеу қадамдары.....	102
ValVue лицензиясы	104
Тіркеу процесі.....	104
Сынақ кезеңі ішінде тіркеу.....	108
Секвенсор параметрлері	110
Тапсырма параметрлері	110
Тапсырмалардың кіріс параметрлері.....	111
Тапсырма параметрлерін конфигурациялау	114
Секвенсорды басқару	115
Жаңа реттілікті қосу	116
Реттілікті өңдеу	118
Реттілікті жою	122
Секвенсорды орындау.....	123
Секвенсорды іске қосу.....	124
Мәлімет.....	125
Секвенсорды орындау туралы есеп.....	126
Секвенсорды орындауды басқару	127
Оқиғалар сүзгісі	129
Клапан деректерін басқару 130	
Клапанды басқару 130	
Клапанды қосу	131
Клапанды өңдеу	133
Клапанды жою	135
Көрсетілетін клапандар сүзгісі	137
Қолтаңбаны басқару	139
Конфигурацияны импорттау	157
10. Терезе мәзірі.....	160
11. Анықтама мәзірі	162
12. Masoneilan құрылғыларын AMS-DeltaV жүйесіне қосу және AMS көмегімен ValVue пайдалануды бастау	164
13. AMS® Communication DTM	174
14. Masoneilan PRM Communication DTM	178
Далалық құрылғыларды қосу	178
Далалық құрылғыларды іске қосу.....	184
ValVue 3 секвенсорын пайдалану.....	185
15. Masoneilan HART Communication DTM	187
16. ValVue 3 қолдану бойынша ескертпелер	197

1. Кіріспе

ValVue құрылғысына кіріспе

ValVue (*ValVue негізгі мәзірі*) – бұл Masoneilan реттеу клапандарын орнату, басқару және диагностика жасау үшін Masoneilan және Masoneilan DTM пайдалануға арналған ыңғайлы интерфейс.



1-сурет – ValVue негізгі экраны

Осы нұсқаулық туралы

Бұл нұсқаулар қызмет көрсету инженеріне ValVue интерфейсі арқылы әртүрлі меншікті DTM бағдарламалық жасақтамасын пайдалана отырып, клапандарды орнату, конфигурациялау, калибрлеу және диагностика жасауға көмектесу үшін арналған. Егер сізде құжатталмаған мәселелер туындаса, Baker Hughes компаниясына немесе жергілікті өкіліне жүгініңіз.

Бұл — мәзір элементтерін сәйкес белгішелермен салыстыратын мәзірге негізделген нұсқаулық. Сонымен қатар 32-беттегі [“Жұмысты бастау бойынша тапсырмалар”](#) бөлімінде тапсырмаларға негізделген тізім ұсынылған.

Осы нұсқаулықта пайдаланылатын шартты белгілер

Осы нұсқаулықта келесі шартты белгілер пайдаланылады:

- *Курсивпен* жазылған әріптер дисплей терезесінде пайдаланылатын терминге сілтеме жасаған кезде, маңызды элементтерге назар аудару және деректер көрсетілетін немесе пайдаланушы енгізген деректерге арналған өрістер үшін пайдаланылады.
- Түймелермен, құсбелгілермен және т.б. орындалатын әрекеттер **қалың қаріппен бөлектелген**.

ЕСКЕРТПЕ

маңызды фактілер мен жағдайларды көрсетеді.



АБАЙЛАҢЫЗ

Алдын алмаған жағдайда мүліктің зақымдалуына немесе деректердің жоғалуына әкелуі мүмкін ықтимал қауіпті жағдайды білдіреді.



ЕСКЕРТУ

Алдын алмаған жағдайда өлімге немесе ауыр жарақатқа әкелетін ықтимал қауіпті жағдайды білдіреді.



Masoneilan өнімдеріне арналған Baker Hughes құжаттамасының ресурстары

Baker Hughes Masoneilan өнімдері жөніндегі құжаттамасы бар бірнеше түрлі ресурстарды жариялайды:

- Жабдық жөніндегі қысқаша нұсқаулықта орнату туралы ақпарат және құрылғыны орнату мен жалпы конфигурациялауға байланысты басқа негізгі ақпараттар бар.
- Жабдықты пайдалану жөніндегі нұсқаулықта құрылғыны конфигурациялау туралы толық ақпарат бар. Сонымен қатар осы нұсқаулықта орнату, конфигурациялау және пайдалану/ақауларды жою кезінде пайдалы болатын фондық функциялар мен ерекше мән-жайлар туралы ақпарат бар.
- Бағдарламалық жасақтама жөніндегі нұсқаулық құрылғының бағдарламалық жасақтамасын конфигурациялау туралы толық ақпаратты қамтиды. Сонымен қатар осы нұсқаулықта конфигурациялау және пайдалану кезінде пайдалы болатын фондық функциялар мен ерекше мән-жайлар туралы ақпарат бар (диагностиканы және оны түсіндіруді қоса алғанда). Осы нұсқаулықтар онлайн-анықтама сияқты бастапқы материал болып табылады.

Веб-сайтқа кіріңіз: <https://valves.bakerhughes.com/resource-center>.

ValVue 3 үшін ілеспе құжаттама

SVI3

- Пайдалану сипаттамалары кеңейтілген Masoneilan SVI3 цифрлық позиционерін пайдалану жөніндегі қысқаша нұсқаулық
- Пайдалану сипаттамалары кеңейтілген Masoneilan SVI3 цифрлық позиционерін орнату және техникалық қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулық

SVI II AP

- Пайдалану сипаттамалары кеңейтілген Masoneilan SVI II AP цифрлық позиционерін пайдалану жөніндегі қысқаша нұсқаулық
- Пайдалану сипаттамалары кеңейтілген Masoneilan SVI II AP цифрлық позиционерін орнату және техникалық қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулық

12400

- 12400 сериялы Masoneilan деңгей датчигі/контроллеріне арналған пайдалану және қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулық
- Masoneilan 12400 сериясына арналған онлайн анықтамалық нұсқаулық

SVi1000

- Masoneilan SVi1000 DTM бағдарламалық жасақтамасын пайдалану жөніндегі нұсқаулық
- Masoneilan SVi1000 позиционерін пайдалану жөніндегі нұсқаулық

SVI FF

- Masoneilan SVI FF цифрлық позиционері жөніндегі қысқаша нұсқаулық
- Masoneilan SVI FF цифрлық позиционерін пайдалану жөніндегі нұсқаулық

ЕСКЕРТПЕ



Егер DTM технологиясымен таныс болмасаңыз, fdtgroup басты бетінде толық түсініктеме берілген. Негізгі құрылым мен DTM тұжырымдамаларын түсіну үшін мына сілтемеге өтіңіз: <https://fdtgroup.org/technology/components/>.

Masoneilan көмек көрсету қызметінің байланыс деректері

- Эл. пошта: svisupport@bakerhughes.com
- Телефон: 888-SVI-LINE (888-784-5463)

2. Орнату және жүйеге кіру

Орнату

Талаптар

"ValVue орнату процедураларын пайдалану үшін Microsoft® Windows® операциялық жүйелері туралы негізгі білім қажет. Codewrights HART® Communication DTM бағдарламалық жасақтамасын жүктеп алып, орнатыңыз.

Жабдыққа және операциялық жүйеге қойылатын талаптар

ValVue бағдарламалық жасақтамасын сәтті орнату және іске қосу үшін компьютер жүйесі жабдыққа және бағдарламалық жасақтамаға қойылатын минималды талаптарға сәйкес болуы немесе олардан асуы керек.

- Windows Server® 2008 R2 SP1, Windows Server® 2008 SP2, Windows Server® 2012, Windows Server® 2016, Windows® 7 sp1, Windows® 8.0, Windows® 10 немесе Windows® 11
- Microsoft.NET Framework 2.0 SP2, Microsoft.NET Framework 4.0 FULL, және Microsoft.NET Framework 3.5 SP1
- 4 G of RAM

HART® байланысты мәселелер

DTM орнату алдында, компьютердің сериялық (RS-232 немесе USB) байланыс үшін қай портты пайдаланатынын анықтаңыз. HART® модемі осы портты SVI3 позиционермен байланысу үшін пайдаланады.

HART® сәйкестігі

Кеңейтілген SVI3 DTM үшін HART® стандартына сәйкес келетін байланыс контуры қажет. HART® протоколы шу деңгейін, кедергіге қойылатын талаптарды және контурдың конфигурациясын айқындайды. Келесі құрамдастардан тұратын әдеттегі байланыс контурлары HART® талаптарына сәйкес келеді.

- Шу деңгейі төмен және кедергі деңгейі жоғары сапалы ток көзі
- Контурдың минималды кедергісі 250 Ом
- 4–20 мА ток контурлары үшін жарамды қос талшықты кабель

Егер өзара әрекеттесетін құрылғылар арасында қауіпсіз тосқауыл жүйесі орнатылған болса, HART® стандартына сәйкес келетін тосқауыл жүйесін пайдалану қажет.

ЕСКЕРТПЕ



DTM және басқа HART® негізгі клеммалық құрылғысын (бір мезгілде), мысалы, портативті құрылғыны қосуға немесе пайдалануға болмайды.

АБАЙЛАҢЫЗ



Таратылған басқару жүйесінің кейбір шығыс тізбектері HART® протоколымен үйлесімді емес. HART® модемі мұндай тізбекке қосылса, технологиялық процесс бұзылуы мүмкін. HART® сүзгісін пайдаланыңыз. HART® модемін қосу және DTM пайдалану алдында, DCS және HART® модемінің үйлесімділігіне көз жеткізу үшін DCS өндірушісімен кеңесіңіз.

ValVue және DTM бағдарламалық жасақтамасын орнату

Бұл ретте ValVue және DTM жасақтамасы ғана емес, SQL Express®, Masoneilan NI-FBUS-H1 Comm бағдарламалық жасақтамасы орнатылады. DTM, CodeWright HART CommDTM, Microsoft® VC++ Redistributable бумасы және .Net framework.

SVI3 Advanced DTM жұмысы үшін келесі бағдарламалық құрамдастарды орнату қажет:

- SVI3 Advanced DTM жүйесіне кіруге арналған ValVue 3 немесе төменде аталған элементтердің бірі:

РАСТWare бағдарламалық жасақтамасы, оған HART® DTM әмбебап бағдарламалық жасақтамасы және HART® байланысуға арналған бағдарламалық жасақтамасы кіреді.

AMS 13 немесе одан жоғары нұсқасы

Yokogawa ұсынған PRM бағдарламалық жасақтамасы

Honeywell ұсынған далалық құрылғылар менеджері (FDM)

M&M Software GmbH ұсынған fdtContainer

ЕСКЕРТПЕ



Егер сізде Masoneilan NI-FBUS-H1 Comm. DTM бағдарламасы орнатылып қойған болса, жалғастырмас бұрын, оны басқару панелінің көмегімен жою керек.


ЕСКЕРТПЕ



Орнату кезінде SQL орнатылады. ValVue бағдарламасын қауіпсіздік тұрғысынан өзекті күйінде сақтап отыру үшін алты ай сайын (<https://valves.bakerhughes.com/resource-center>) веб-сайтында ValVue жаңартуларын тексеру қатаң түрде ұсынылады.


Бағдарламалық жасақтаманы орнату үшін:

1. **ValVue 3.x Full Edition.exe** файлын екі рет басыңыз, сонда 2-сурет пайда болады.



2-сурет – Unzip орнату

2. **Install (Орнату)** түймесін басқанда, шығару процесі басталады. Кез келген пайда болатын аралық хабарламаларда орнатуға рұқсат беру үшін басыңыз. *Preparing Setup (Орнатуға дайындау)* диалогтік терезе пайда болады. Бұрын ValVue 3 бағдарламалық жасақтамасын орнатпаған жағдайда, 3-сурет пайда болады.




3-сурет – Элементтерді орнату

3. **Install (Орнату)** түймесін басқан кезде, 4-сурет пайда болады.

ЕСКЕРТПЕ




Бастапқы орнату кезінде, егер сізде SQL орнатылмаған болса, сізге жүйені қайта жүктеу ұсынылатын болады. Нұсқауларды орындаңыз және ValVue орнату қайта жүктеуден кейін автоматты түрде басталады.




4-сурет – ValVue орнату үшін сәлемдесу терезесі

4. **Next (Әрі қарай)** түймесін басқан кезде, 5-сурет пайда болады.




5-сурет – ValVue лицензиясы

5. I accept the license..... (Мен лицензия шарттарын қабылдаймын.....), Next (Әрі қарай) түймелерін басқанда, 6-сурет пайда болады.



6-сурет – Орнату үшін бағдарламаларды таңдау

6. Next (Әрі қарай) түймесін басқанда, 7-сурет пайда болады.



7-сурет – Қолданба күйін көрсету


7. Change (Өзгерту) түймесін басып, мақсатты қалтаны табыңыз немесе оны жасаңыз, содан кейін "OK" түймесін басқан кезде, диалогтік терезе қайтадан пайда болады.

8. Install (Орнату) түймесін басқан кезде, орнату процесі басталады, содан кейін InstallShield Wizard Complete (InstallShield шеберінің жұмысын аяқтау) диалогтік терезесі ашылады.

9. Finish (Аяқтау) түймесін басыңыз.

Жүйеге кіру

1. Start (Іске қосу) > All Programs (Барлық бағдарлама) > Masoneilan > ValVue 3 > ValVue тармағын таңдаған кезде, 8-сурет пайда болады.



8-сурет – ValVue жүйесіне кіру

2. Әдепкідей мәндерді пайдалана отырып, ValVue 3 жүйесіне кіріңіз:

Пайдалану аты: admin

Құпиясөз: ValVue 3

ЕСКЕРТПЕ



Қауіпсіздік мақсатында алғаш рет пайдаланған кезде құпиясөзді өзгертуіңіз керек.

ValVue және SV3 DTM лицензиясының сынақ кезеңі келесідей жұмыс істейді:

1. ValVue бағдарламалық жасақтамасын жүктеуден және орнатудан кейін сізге 30 күндік сынақ кезеңі беріледі. 30 күн ішінде ValVue және SVI3 DTM барлық кеңейтілген функциясы қолжетімді болады.
2. Алғашқы 30 күн өткеннен кейін, ValVue және SVI3 DTM кеңейтілген функциялары қолжетімді болмайды. Содан кейін сізде тек стандартты функциялары бар қосымша 30 күндік кезең болады, осыдан кейін өнімді пайдалануды жалғастыру үшін тіркелу керек. Лицензияңызды мүмкіндігінше тезірек тіркеуіңізді ұсынамыз. software.reg@bakerhughes.com мекенжайы бойынша Baker Hughes компаниясына хабарласыңыз.

Бағалау кезеңдері екі нұсқа үшін де бір-бірінен тәуелсіз және алғаш рет пайдаланған сәттен басталады.

ЕСКЕРТПЕ



Егер DTM орнатсаңыз/жойсаңыз немесе ValVue жаңартсаңыз, ValVue 3 ашылған кезде, диалогтік терезе пайда болады: Түртіңіз:

- **Yes (Иә)** түймесін және кітапхана жаңартылады.
- **No (Жоқ)** түймесін және кез келген жаңа функцияларға қол жеткізу үшін DTM кітапханасын басқарудың диалогтік терезесінен қолмен жаңарту керек.

3. Келесі нұсқалардың бірін таңдау үшін Authentication (Аутентификация) ашылмалы тізімін пайдаланыңыз:


- Windows аутентификациясы: ValVue пайдаланушы тобы тізімінен кез келген пайдаланушы жүйеге кіре алады. Бұл пайдаланушы тобын жүйе әкімшісі құрады.
- ValVue аутентификациясы: Бұл — жүйеге бірінші рет кіруге арналған әдепкі пайдаланушы аты мен құпиясөзі. Пайдаланушы аты: Admin және құпиясөз: ValVue3. Оларды жүйеге бірінші рет кіргеннен кейін өзгерту қажет.

Жүйеге алғаш рет кіргенде, 9-сурет пайда болады.



9-сурет – Құпиясөзді өзгерту

10-суретте көрсетілген шектеулерге сәйкес құпиясөзді өзгерту қажет.



10-сурет – Құпиясөздердің шектеулері

- Ағымдағы Windows пайдаланушысы ретінде кіріңіз: Сіздің доменіңіз\пайдаланушы атыңыз User Name (Пайдаланушы аты) өрісінде көрсетіледі.

4. **OK** түймесін басыңыз, сонда негізгі экран пайда болады.

ЕСКЕРТПЕ




ValVue 3 жүйесіне сәтті кіргеннен кейін, пайдаланушының аутентификация режимі сақталады және жүйеге келесі рет кірген кезде соңғы аутентификация режимі автоматты түрде көрсетіледі.

ЕСКЕРТПЕ



Пайдаланушының есептік жазбасының қауіпсіздігін бұғаттау

Пайдаланушының есептік жазбасы құпиясөзді бес рет сәтсіз енгізгеннен кейін бұғатталады және келесі диалогтік терезе пайда болады:



ЕСКЕРТПЕ



Егер мұндай жағдай орын алса, он минут күтіңіз және әрекетті қайталаңыз. Бұл әрекет сәтті кіру орындалғанша, циклдік түрде қайталанады.

Бұғаттау әрекеті есептік жазбаға байланысты және Windows аутентификациясын немесе ValVue аутентификациясын пайдалану арқылы жүйеге кіру кезінде орын алады.

*Жаңа нұсқаны қолданыстағы нұсқаның үстінен орнатсаңыз, алдымен топология тармағынан барлық құрылғыны жою қажет. Қайта орнатудан кейін топология панелінде HART® байланыс желісін таңдап, тінтуірдің оң жақ түймесін басыңыз және **Rebuild Network (Желіні қайта құрастыру)** опциясын таңдаңыз.*

Байланыс қатесі

Егер ДК (модемді пайдалану арқылы) HART® немесе ValVue дисплейлерімен байланыс орната алмаса, DTM негізгі экранында No Devices Found (Құрылғылар табылмады) хабары пайда болады, не COMпорты арқылы байланыс қатесі пайда болады, не сеанс уақытында құрылғымен байланыс сәтті болмаса, “HART I/O Failed” (HART енгізу-шығару сәтсіз аяқталды) хабары пайда болады. Байланыс қатесі компьютерге қосылым орнатуға кедергі жасайды. Орнатуға байланысты байланыс қатесінің ықтимал себептері мыналарды қамтиды:

- Жеткіліксіз ток және контур кернеуі
- Сымның нашар түйісуі
- HART® модемінің компьютерге дұрыс қосылмауы немесе порт бос емес (COM портының босағанын күтіңіз немесе басқа портты пайдаланыңыз)
- Дұрыс емес тізбекті порт
- DTM жүйесін қолданыстағы басқа HART® негізгі клеммалық құрылғысымен бірге пайдалану
- Контурдың жеткіліксіз кедергісі (кем дегенде 250 Ом қажет)
- Далалық құрылғының нөлдік емес сұрау мекенжайы бар (көп нүктелі режим орнатылған)


HART® сәйкестігіне байланысты күмән туындаса, зауытқа көмек алу үшін жүгінбес бұрын, контур туралы толық сипаттама дайындаңыз, оған контурдағы барлық құрылғы, пайдаланылатын сым түрі, контур ұзындығы және ықтимал кедергі көздерінің бар-жоғы кіреді.

3. ValVue жұмыс ортасы

ValVue жұмыс ортасы

Бұл бөлімде ValVe негізгі экраны және ValVe жалпы тапсырмаларын орындау тәсілдері сипатталады. Сәтті іске қосылып, ValVue жүйесіне кіргеннен кейін, ValVue негізгі экраны ашылады. Негізгі экран төрт негізгі құрамдасты қамтиды:

- 23-беттегі “[Command Area \(Пәрмендер аймағы\)](#)” бөлімі тақырып жолын, негізгі мәзірді және құралдар тақтасын қамтиды.
- 24-беттегі DTM “[UI Panel](#)” (Пайдаланушы интерфейсінің панелі) нақты DTM құрылғысы үшін пайдаланушы интерфейсін көрсетеді.
- 25-беттегі әртүрлі “[Docked Panes](#)” (Бекітілген панельдер), оған топология панелі, құрылғылар кітапханасы, анықтама және қате журналын қадағалау кіреді.
- 28-беттегі “[Status Bar](#)” (Күй жолы).



11-сурет – ValVue негізгі экраны

Пәрмендер аймағы

Пәрмендер аймағы үш құрамдастан тұрады:

- Тақырып жолы: құрамында қолданба атауы және ағымдағы жоба мен ағымдағы ашық DTM пайдаланушы интерфейсі туралы ақпаратты, сондай-ақ кішірейту/үлкейту және жабу түймелерін көрсетеді.



12-сурет – Тақырып жолы

- Негізгі мәзір: DTM бағдарламалық жасақтамасының барлық функциясына арналған элементтерді ұсынады. Жеке мәзір талқылауларын қараңыз.



13-сурет – Негізгі мәзір



- Құралдар тақтасы: негізгі мәзірдің белгіше арқылы басқарылатын көрінісі. Элементтер саны және олардың белсенді болғаны топологияда таңдалған элементке байланысты. Белгішелердің толық сипаттамасын 36-беттегі [“Network Menu \(Желі мәзірі\)”](#) бөлімінен қараңыз.




14-сурет – Құралдар тақтасы

Леп белгісі мен қарындаш белгішелері

ValVue 3 және Masoneilan DTM жүйесінде:

- Қызыл леп белгісі () тиісті өрістегі мәннің ауқымнан тыс екенін көрсетеді.
- Қарындаш белгішесі () сақталмаған мәнді көрсетеді.


Осы белгішелер ауқымнан тыс мән және сақталмаған мән бар қойындыны белгілеу үшін топология тармағында да көрсетіледі (15-сурет). “Ауқымнан тыс” леп белгісі әрқашан басым болады.



15-сурет – Белгішелері бар топология тармағы

Пайдаланушы интерфейсінің панелі

Пайдаланушы интерфейсінің панелі орнатылған және таңдалған құрылғыға байланысты. Masoneilan өнімдері туралы ақпаратты DTM жеке анықтамасынан қараңыз. Бөгде өндірушілердің өнімдері туралы ақпарат алу үшін жеткізушінің құжаттамасын қараңыз.



16-сурет – Пайдаланушы интерфейсінің панелі


Бекітілген панельдер

ValVue топология панелі

Топология панелі (ValVue топология панелі: Network View (Желі көрінісі)) әртүрлі аймақтар мен әр аймақтағы құрылғылар бойынша шарлау, сондай-ақ құрылғының меншікті DTM ашу үшін пайдаланылады. Осы шарлау тармағын төрт түрлі көріністің біріне өзгертуге болады:

- Топология көрінісі
- Аймақ көрінісі
- Протокол көрінісі
- Өндіруші көрінісі

Толық түсіндірмені 36-беттегі [“Device Menu \(Құрылғы мәзірі\)”](#) бөлімінен қараңыз.



17-сурет – ValVue топология панелі: Желі көрінісі

Тармақ келесі функциялық аймақтарға бөлінген:

- Көрініс: Тура сары жолақтың астында пайдаланылатын көрініс көрсетіледі.
- Далалық желі немесе аймақ: Бір деңгейге төмен деңгейде пайдаланылатын протокол немесе пайдаланушы анықтаған аймақтар тізімі орналасқан.
- Протокол: Әрі қарай пайдаланылатын протокол жүреді.
- Құрылғы: Әрі қарай қосылған құрылғылар тізімі жүреді.


Баған параметрлері

Топология панелінде көрсетілетін бағандарды қосуға және жоюға болады. Әдепкі бойынша бағандардың минималды саны көрсетіледі, ал қолжетімді бағандар белсенді желі көрінісіне байланысты. Бұл элементтер нақты клапандар/позиционерлерді сәйкестендіру үшін пайдалы. Өрістерді көрсету үшін топология панелін шығару қажет болуы мүмкін. Көрсету үшін қолжетімді бағандарға мыналар кіреді:

- Құрылғы тегі
- Арна
- Өзгертілген: Параметрдің сақталмаған өзгерісін қарындаш белгішесі көмегімен белгілейді.
- Мекенжай
- Құрылғы түрі (DTM)

Бағандарды конфигурациялау үшін:


1. Құрылғы тегі деңгейінде тінтуірдің оң жақ түймесін басыңыз.



18-сурет – Баған параметрлері, контекстік мәзір


Кескінде әдепкі бойынша орнатылғаннан көбірек бағандар бар мәзір көрсетілген. Содан кейін тек *Column Settings (Баған параметрлері)* пайда болады.

Баған конфигурациясын әдепкі мәнге қалпына келтіру үшін *Reset Columns (Бағандарды қалпына келтіру)* мәзір элементін немесе *Column Settings (Баған параметрлері)* диалогтік

терезесіндегі  **Reset** опциясын пайдаланыңыз.

Таңдалған бағанды жасыру үшін *Hide This Column (Осы бағанды жасыру)* мәзір элементін пайдаланыңыз.

2. *Column Settings (Баған параметрлері)* түймесін басқан кезде, диалогтік терезе ашылады.




19-сурет – Баған параметрлері

3. *Hidden Columns (Жасырын бағандар)* немесе *Visible Columns (Көрінетін бағандар)* тізімдеріне/тізімдерінен элементтерді қосу/жою үшін “Қосу” және “Жою” түймелерін басыңыз.

4. Оларды ретке келтіру үшін жылжыту түймелері мен **OK** түймесін басыңыз. Топология панелі бағандар көрсетілгендей және реттелген түрде пайда болады.

Құрылғылар кітапханасы


DTM Library (DTM кітапханасы) ішіндегі протоколдар мен құрылғылар тізімдерін қарау үшін Device Library (Құрылғылар кітапханасы) опциясын пайдаланыңыз. *DTM Library (DTM кітапханасында)* олардың орнатылғанын және ValVue пайдалануына дайын болғанын білдіреді. Басқа протоколдар мен DTM жүйеде болуы мүмкін, бірақ дайын болмауы мүмкін. DTM басқару жөніндегі нұсқауларды 75-беттегі “[DTM Library Management \(DTM кітапханасын басқару\)](#)” бөлімінен қараңыз.



Device	Protocol	Version
Masoneilan FEM	HART:Fieldbus F	1.0.0.0
Masoneilan NI-F	Fieldbus FF H1	4.0
Masoneilan AMS	HART:Fieldbus F	1.10.0.0
SVI II AP H5 V3	HART	3.x.x
SVI II AP H6 V3	HART	4.x.x
SVI II AP H7 V3	HART	5.x.x
SVI3	HART	1.x.x


20-сурет – Құрылғы кітапханасы


Құрылғылар тізіміндегі элементті тінтуірдің оң жақ түймесімен түртсеңіз, *DTM Info (DTM туралы ақпаратты)* ғана көрсететін диалогтік терезені ашуға болады.



21-сурет – DTM туралы ақпарат

Қателер журналын қадағалау


Осы мәзірге қол жеткізу *View (Көрініс)* мәзірі және күй жолағындағы  опциясы арқылы жүзеге асырылады. Контекстік мәзір көмегімен қателерді қарауға, жоюға және мәліметтерді қарауға болады (Error Info (Қателер туралы мәліметтер)).



Date	Source	Message
2013-04-03 11:12:50:857	<FF Interface1>FF H1 Communication DTM	The DTM refused the call to IDtm::SetCommunication(null).


22-сурет – Қателер журналын қадағалау панелі


Error Info (Қате туралы ақпарат) диалогтік терезесіндегі ақпаратты ақауларды жою үшін көшіріп салуға болады.



23-сурет – Қате туралы ақпарат

Күй жолағы


Мұнда ағымдағы пайдаланушы және қателердің бар-жоғын көрсететін белгіше көрсетіледі. Тінтуірді пайдаланушы белгісінің үстіне апарған кезде, құралдар тақтасында рөл туралы ақпарат көрсетіледі. Егер  қате белгішесін түртсеңіз, *Error Log Tracking (Қателер журналын қадағалау)* пайда болады.



24-сурет – Күй жолағы

Құрылғы түрін тағайындау

Сканерлеу нәтижесінде белгісіз құрылғы немесе сипаттары белгісіз құрылғы анықталған болса, *Assign Device Type* (Құрылғы түрін тағайындау) диалогтік терезесі ашылады. Осы диалогтік терезені желіні сканерлеу уақытында жиналған ақпаратты қарау үшін, сондай-ақ осы деректерді қосу немесе өңдеу үшін пайдаланыңыз. Содан кейін тағайындалған деректерді осы құрылғы түрімен пайдалану үшін сақтауға болады. Белгілі бір DTM сәйкес келетін құрылғы түрлері ғана көрсетіледі.




25-сурет – Құрылғы түрін тағайындау

Өрістер мен түймелер

Бір түрдегі

құрылғылар үшін тағайындауды сақтау



түймесі басылғаннан кейін, бір түрдегі құрылғыларға арналған осы диалогтік терезе көмегімен енгізілген конфигурация өзгерістерін сақтау үшін осы құсбелгіні қойыңыз.

Show all installed device types of this protocol (Осы протоколдың барлық орнатылған құрылғы түрін көрсету)

Анықталған протоколға сәйкес келетін барлық сканерленген құрылғыны көрсету үшін осы құсбелгіні қойыңыз. Бұл сілтеме ретінде тиісті ақпаратты көру үшін пайдалы.

Matching Quality (Сапаның сәйкестігі)

Жалпы анықталған сапаны анықтайды. Осы жағдайда бұл протокол болып табылады.

Құрылғы түрі

Анықталған құрылғы түрін көрсетеді.

Version (Нұсқа)

Анықталған нұсқаны көрсетеді.


Vendor (Өндіруші)

Анықталған өндірушіні көрсетеді.

<i>Support Level (Қолдау деңгейі)</i>	Анықталған қолдау деңгейін көрсетеді.
<i>Matching Quality (Сапаның сәйкестігі)</i>	Түсініктеме ретінде анықталған <i>Matching Quality (Сапаның сәйкестігі)</i> байланысты мәтінді көрсетеді.
<i>Scan Info (Сканерлеу туралы ақпарат)</i>	Төмендегілер үшін сканерленген деректерді көрсетеді: <ul style="list-style-type: none"> • <i>Device Type ID (Құрылғы түрінің идентификаторы)</i> • <i>Manufacturer ID (Өндіруші идентификаторы)</i> • <i>Protocol (Протокол)</i> • <i>Protocol Version (Протокол нұсқасы)</i> • <i>Serial Number (Сериялық нөмірі)</i> • <i>Bus Address (Шина мекенжайы)</i> • <i>Device (Құрылғы)</i>
<i>Device Type Info (Құрылғы түрі туралы ақпарат)</i>	Мыналар бойынша сканерленген деректер үшін өзгертілген деректерді енгізіңіз: <ul style="list-style-type: none"> • <i>Device Type ID (Құрылғы түрінің идентификаторы)</i> • <i>Manufacturer ID (Өндіруші идентификаторы)</i> • <i>Protocol (Протокол)</i> • <i>Protocol Version (Протокол нұсқасы)</i> • <i>Serial Number (Сериялық нөмірі)</i> • <i>Bus Address (Шина мекенжайы)</i> • <i>Device (Құрылғы)</i>


Құрылғы түрін тағайындауды конфигурациялау

Assign Device Type (Құрылғы түрін тағайындау) диалогтік терезесі пайда болса:

1. “Scan Info fields” (Сканерлеу туралы ақпарат) өрістерін тексеріңіз және бүкіл ақпараттың дұрыс екеніне көз жеткізіңіз.
2. Қажет болса, анықтамалық ақпаратты қарау үшін **Show all installed device types of this protocol** (Осы протоколдың барлық орнатылған құрылғы түрін көрсету) түймесін басыңыз.
3. **Save assignment for devices of same type** (Бірдей түрдегі құрылғылар үшін тағайындауды сақтау) және  түймесін басыңыз

Контекстік топология мәзірі

Кейбірі ValVue 3 жүйесімен, ал кейбірі SVI3 DTM жүйесімен байланысты функцияларға қол жеткізу үшін топология көрінісінің контекстік мәзірін пайдаланыңыз. 26-суретте позиционердің DTM операцияларымен қандай элементтер байланысты, және ValVue 3 операцияларымен қандай элементтер байланысты екені көрсетілген (қара өрістер – SVI3 операциялары, қызыл өрістер – ValVue 3).



26-сурет – Контекстік топология мәзірі

4. Мұны қалай істей аламын?

Жұмысты бастау бойынша тапсырмалар

- [“Add a Field Network \(Далалық желіні қосу\)”](#) 46-бетте
- [“Work with Device Areas \(Құрылғылар аймақтарымен жұмыс істеу\)”](#) 50-бетте
- [“Add New Device \(Жаңа құрылғыны қосу\)”](#) 54-бетте
- [“Update DTM Library \(DTM кітапханасын жаңарту\)”](#) 75-бетте
- [“Import Configuration \(Конфигурацияны импорттау\)”](#) 157-бетте
- [“Add/Remove DTMs in the DTM Updates List \(DTM жанартулары тізімінде DTM қосу/жою\)”](#) 76-бетте
- [“Installation and Logon \(Орнату және жүйеге кіру\)”](#) 12-бетте
- [“Delete Device Areas \(Құрылғы аймақтарын жою\)”](#) 52-бетте
- [“Add an Area and Move Device \(s\) \(Аймақты қосу және құрылғыны\(-ларды\) жылжыту\)”](#) 51-бетте

Мұны қалай істей аламын?

- [“Add a Field Network \(Далалық желіні қосу\)”](#) 46-бетте
- [“Work with Device Areas \(Құрылғылар аймақтарымен жұмыс істеу\)”](#) 50-бетте
- [“Add New Device \(Жаңа құрылғыны қосу\)”](#) 54-бетте
- [“Add an Area and Move Device\(s\) \(Аймақты қосу және құрылғыны\(-ларды\) жылжыту\)”](#) 51-бетте
- [“Delete Device Areas \(Құрылғы аймақтарын жою\)”](#) 52-бетте
- [“Register the Product \(Өнімді тіркеу\)”](#) 105-бетте
- [“Sequencer Settings \(Секвенсор параметрлері\)”](#) 110-бетте
- [“Valve Data Management \(Клапан деректерін басқару\)”](#) 130-бетте
- [“View Events Details \(Оқиғалар мәліметтерін қарау\)”](#) 68-бетте
- [“Filter Events \(Оқиғаларды сүзгілеу\)”](#) 69-бетте
- [“Acknowledge Event \(Оқиғаны растау\)”](#) 70-бетте
- [“Create Report of Event and Audit Trail \(Оқиға туралы есепті және бақылау журналын құру\)”](#) 70-бетте
- [“Export Event and Audit Trail Report \(Оқиғалар және аудит журналы туралы есеп\)”](#) 72-бетте
- [“Update DTM Library \(DTM кітапханасын жаңарту\)”](#) 75-бетте
- [“Add/Remove DTMs in the DTM Updates List \(DTM жанартулары тізімінде DTM қосу/жою\)”](#) 76-бетте
- [“HART®”](#) 80-бетте
- [“Import Configuration \(Конфигурацияны импорттау\)”](#) 157-бетте
- [“Signature Management \(Қолтаңбаларды басқару\)”](#) 139-бетте

Бұл бет әдейі бос қалдырылған.

5. Желі тапсырмалары

Желі мәзірі

Осы мәзірді желіні құрылымдау және қайта құру үшін пайдаланыңыз.

ЕСКЕРТПЕ




Егер ValVue Windows® XP пайдаланған кезде, “Rebuild Hierarchy” (Иерархияны қайта құру) пәрменін орындау кезінде тоқтап қалса:

- 1. System Properties (Жүйе сипаттары) опциясын ашыңыз.*
- 2. Advanced (Қосымша) қойындысында Performance Options (Өнімділік параметрлері) таңдаңыз.*
- 3. Turn on DEP for essential Windows programs and services only (DEP тек негізгі Windows бағдарламалары мен қызметтері үшін) басыңыз.*

Мәзір элементтері

*Желіні
қайта
құрастыру*

Барлық қосылған және дұрыс конфигурацияланған далалық желілердің **Network Scan (Желілік сканерлеу)** процесін орындайды, желі элементтерін анықтап, оларды қайтадан аутентификациялайды. Дұрыс конфигурацияланған кезде элемент қалың қаріппен көрсетіледі. Бұл процесс желідегі құрылғылар санына байланысты белгілі бір уақыт мөлшерін алады.



АБАЙЛАҢЫЗ



Егер сіз Rebuild Network (Желіні қайта құрастыру) функциясын пайдалансаңыз, ал құрылғы қосылмаған болса, құрылғы топология тармағынан жойылады, ал онымен байланысты параметрлер дерекқордан жойылады.

Сканерлеу 46-беттегі [“Add a Field Network \(Далалық желіні қосу\)”](#) кезінде орындалған конфигурацияны тексереді. Далалық желіні қосу бойынша жалпы қадамдар:

1. DTM Басқару (75-беттегі [“DTM Library Management \(DTM кітапханасын басқару\)”](#) бөлімін қараңыз).
2. Далалық желілерді орнату (76-беттегі [“Field Networks \(Далалық желілер\)”](#) бөлімін қараңыз).
3. Желілік байланыс және басым параметрлер(82-беттегі [“Network Communication Preference Settings \(Желілік байланыстың басым параметрлері\)”](#) бөлімін қараңыз).
4. Желіні құру.

Open Connected Device (Қосылған құрылғыны ашу)

Далалық желідегі барлық құрылғыларды іздеуді олардың қосылғанына-қосылмағанына қарамастан орындайды, барлық қосылмаған құрылғыларды қосады және құрылғылардың тиісті DTM құрылғының конфигурациясын пайдаланып құрылғылар топологиясына қосады. *Online Parameters (Онлайн параметрлер)* қойындысы ашылады. Шлюздік DTM үшін сканерлеу барлық құрылғы қосылғанша жалғасады. Егер қажетті DTM бағдарламалық жасақтамасы құрылғылар кітапханасында болмаса, *Assign Device Type (Құрылғы түрін тағайындау)* диалогтік терезесі ашылады (29-беттегі [“Assign Device Type \(Құрылғы түрін тағайындау\)”](#) бөлімін қараңыз.) Қате DTM таңдалған болса, DTM құрылғыға тағайындалуы, бірақ құрылғымен әрекеттеспеуі мүмкін.

Бұл пәрмен құрылғыларды топологияда көрсетілгендерге қосудың артық көрінетін әдісі болып табылады. Егер сіз Rebuild Network (Желіні қайта құрастыру) функциясын пайдалансаңыз, ал құрылғы қосылмаған болса, құрылғы топология тармағынан жойылады, ал онымен байланысты параметрлер дерекқордан жойылады.

ЕСКЕРТПЕ



Сканерлеу нәтижесінде белгісіз құрылғы немесе сипаттары белгісіз құрылғы анықталған болса, Assign Device Type (Құрылғы түрін тағайындау) диалогтік терезесі ашылады. Толық түсіндірмелерді [“Assign Device Type \(Құрылғы түрін тағайындау\)”](#) бөлімінен қараңыз.

Refresh (Жаңарту)

Экран деректерін және *Device Tags (Құрылғы тегтерін)* жаңартады

Exit (Шығу)

ValVue жабады, егер барлық деректер сақталмаған болса, сұрау салады.

6. Құрылғы тапсырмалары

Құрылғы мәзірі

Осы мәзірді желіні құрылымдау және қайта құру үшін пайдаланыңыз.

ЕСКЕРТПЕ



Топология панелінде контекстік мәзірді пайдаланған кезде сіз функцияларға қолжетімділік аласыз, олар сіздің далалық желі деңгейіне, байланыс DTM деңгейіне немесе құрылғы деңгейіне қолжетімділік алатыныңызға байланысты.

Мәзір элементтері

Тек Device Network (Құрылғы желісі) және Station (Станция) деңгейі үшін

Connect All (Барлығын қосу)



Devices Network (Құрылғылар желісіндегі) барлық DTM құрылғысын олардың конфигурациясына сәйкес қосу әрекеттері.

Қолданба қосылған режимінде де, өшірілген режимінде де құрылғыларды басқарады. Егер құрылғы

- Қосылмаған болса, деректер дерекқорда сақталады және құрылғы қосылған кезде қолданылады.
- Қосылған болса, барлық функциялар қолжетімді.

Assign Device Type (Құрылғы түрін тағайындау) диалогтік терезесі пайда болса, 29-беттегі [Assign Device Type \(Құрылғы түрін тағайындау\)](#) бөлімін қараңыз.

Disconnect All (Барлығын ажырату)



Құрылғылар желісіндегі барлық DTM және құрылғыларды ажыратады.

Add a Field Network (Далалық желіні қосу)



Жаңа далалық желіні конфигурациялау үшін [Add Field Network – Field Network Tab \(Далалық желіні қосу – Далалық желі қойындысы\)](#) диалогтік терезесін ашады (78-беттегі [Add a Field Network \(Далалық желіні қосу\)](#)).

Желіні қайта құрастыру



DTM байланыс деңгейінде бұл параметр желіні барлық құрылғы үшін сканерлейді.

Assign Devices To Area (Аймақ құрылғыларын тағайындау)



Бұл пәрменді бұрыннан бар аймақтың ішінде жаңа аймақтарды құру үшін және/немесе аймақ құрылғыларын тағайындау үшін пайдаланыңыз. Бұрыннан бар аймақтарға еншілес аймақтарды қосуға болады. 50-беттегі [Work with Device Areas \(Құрылғы аймақтарымен жұмыс істеу\)](#) қараңыз.

Group Devices (Топтық құрылғылар)



Құрылғыларды топтастыру үшін Group Devices (Топтық құрылғылар) диалогтік терезесін ашады. 52-беттегі [“Group Devices \(Топтық құрылғылар\)”](#) бөлімін қараңыз.

Бұл таңдау сонымен қатар байланыс протоколы деңгейінде қолжетімді.

Display Option (Дисплей опциясы)

Топология тармағында дисплейді таңдау үшін кіші мәзірді ашады:

- *Instrument Only (Тек құрал)*
- *Valve Only (Тек клапан)*
- *Show All (Барлығын көрсету)*

Бұл дисплейді жеңілдету үшін пайдалы және *Area View (Аймақ көрінісі)* режимінде ғана қолжетімді.

Таңдалған құрылғы үшін контекстік мәзір.

Бұл элементтер сонымен қатар құралдар панелінде белгішелер түрінде ұсынылған.

Қосу



Таңдалған DTM-ді оның конфигурациясына сәйкес қосуға тырысады. Топология тармағындағы құрылғыны екі рет тұрту құрылғыны қосады және құрылғы физикалық түрде қосулы болса, құрылғының *Online Parameters (Онлайн параметрлер)* қойындысын ашады.

Assign Device Type (Құрылғы түрін тағайындау) диалогтік терезесі пайда болса, 29-беттегі [“Assign Device Type \(Құрылғы түрін тағайындау\)”](#) бөлімін қараңыз.

Ажырату



Таңдалған DTM-ді ажыратады.

Upload Parameters from Device (Құрылғыдан параметрлерді жүктеп салу)



Қазіргі сәтте таңдалған құрылғыға жүктелген параметрлерді жүктеп салады.

Download Parameters to Device (Параметрлерді құрылғыға жүктеп алу)



Осы сәтте пайдаланушы интерфейсінің көмегімен конфигурацияланған параметрлерді таңдалған құрылғыға жүктеп алады.

Offline Parameter (Офлайн параметр)



DTM пайдаланушы интерфейсінің панелінде *Offline Parameter (Офлайн параметр)* қойындысын ашады. Меншікті DTM бойынша құжаттаманы қараңыз.

Осы DTM функциясы жобаның дерекқорында параметрлер мәндерін түзету мүмкіндігін береді. Құрылғы параметрлерінің кез келген өзгерістері деректер жүктегенше күшіне енеді. DTM-де құрылған барлық деректер дерекқорда автоматты түрде сақталады.

Online Parameter (Онлайн параметр)



